АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ "№72 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ" ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ "ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №72" АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Ахмет Байтұрсынұлы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

Республика Казахстан, 010000,
город Астана, ул. Ахмет Байтурсынулы, 25,
тел/факс: +7 (7172) 31-31-38

№ 121 Н/К

06.05.2026

**Қауіпсіздік шараларын күшейту туралы**

Астана қаласы Білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 06 мамырдағы № 107-08-15/558 шығыс хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Аманова, Ж.О.Копбаева:

- Профилактикалық есептің әртүрлі түрлерінде тұрған, тәуекел тобына жататын, құқыққа қарсы әрекеттерге бейім және тәртіп пен ішкі тәртіпті жүйелі түрде бұзатын білім алушыларды анықтау бойынша ішкі талдау жүргізсін;
- Аталған санаттағы білім алушылармен профилактикалық жұмысты үйдастырсын;
- Педагог-психолог Н.Ж.Имамбаева, әлеуметтік педагогтар Г.Т.Есбай, Н.Т.Ерқасым  және сынып жетекшілерін тарта отырып, қосымша профилактикалық жұмыстар ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

2. Педагог-психолог Н.Ж.Имамбаева, әлеуметтік педагогтар Г.Т.Есбай, Н.Т.Ерқасым және сынып жетекшілер:

- Тәуекел тобына жататын білім алушылармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізсін;
- Ата-аналармен (заңды өкілдермен) түсіндіру жұмыстарын күшейтсі;
- Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шараларды тұрақты өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Күзет қызметкерлеріне:

- Мектеп аумағына өткізу кезінде күшейтілген бақылауды қамтамасыз етсін;
- Қажет болған жағдайда ғимаратқа кіреберісте қол металлодетекторларын (металл іздегіштерді) пайдалана отырып міндетті тексеру жүргізсін;
- Тексеру іс-шараларын жүргізу барысында әдептілік сақтауды және кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз етсін.

4. Мектеп қызметкерлерімен, күзет қызметкерлерімен және білім алушылармен қауіпсіздік талаптарын сақтау, өткізу режимін қамтамасыз

ету және білім беру ұйымының аумағына тыйым салынған заттарды алып кіруге жол бермеу бойынша қайта түсіндіру және зерделеу жұмыстары ұйымдастырылсын.

5. Қауіпсіздік талаптары мен өткізу режимінің қолданыстағы нормативтік талаптарға қатаң сәйкестікте сақталуы қамтамасыз етілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **А.Ж.Дюсенова**